

Сумен қамтамасыз етілу мен суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін жақсарту жөніндегі іс-шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 28 қаңтардағы № 15-ө
Өкімі

Сумен қамтамасыз етілу мен суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін
жақсарту мақсатында:

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдері 2010 -
2012 жылдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) коммуналдық меншікке түскен иесіз су шаруашылығы және гидромелиоративтік
объектілерді есепке алу мен тану жөнінде шаралар қабылдасын;

2) жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 10-күнінен
кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүргізілетін
жұмыс туралы ақпарат берсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жылына бір рет, есепті
жылдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне
жүргізілетін жұмыс туралы жиынтық ақпарат берсін.

3. Осы өкімінің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов